

САХНАДАҒЫ КҮЛӘШ

(«Өткендер мен өткелдер» кітабынан, 1974 жыл)

1932 жылы Мәскеуден жаңа келген режиссер Танеевтің бірінші қойған және соңғы қойған спектаклі осы «Сүңгуір қайық» болатын. Мен әңгіменің басында айтқан этюдты режиссер босқа істетіп жүрген жоқ екен. Өзіне таныс емес коллектив сырын, ондағы актерлердің іскерлігін, шеберлігін байқап, танысу үшін неше күндей біздерге этюд ойнатып жүрген екен.

Актерлік шеберлігім ол кезде өте төмен, бұрын үлкен рөлдерде ойнап ысылмаған кезім. Сондықтан жауапты басты рөлден алғашқыда қорықтым. Әйтпесе басты қаһарман рөлінен актер қаша ма?

Әлі есімде, Игорь қызметтен босап, қасында боцман бар (Серке Қожамқұлов), үйіне келсе, әлдеқашан өлді деп ұмытып кеткен туған інісі Александр (Құрманбек Жандарбеков) оның қонақ үйінде тұр. Міне, осы кездесу сахнасын Құрманбек екеуіміз жақсы өткізуші едік. Ол режиссердің көмегімен жасалған көрініс болатын. Үстіңгі үйден баспалдақпен төмен түсіп, бөлмеге кірмекке оңға бұрыла бергенде алдымда танымайтын біреу тұр. Александр Игорьмен кездесуге өзінше қай жерде болса да іштей даяр. Ал Игорьдің ойында түк жоқ. Екеуі де біріне-бірі қадала аңырап қарап қалады. Үлкен пауза. Зритель екеуінің де кім екендерін көріп біліп отыр. Екеуі де бірін-бірі іштей білмейді, идеялық пікірін танымайды. Игорь алдында тұрған кім екенін танымай, не деп сөз қатарын таба алмайды.

Әуелі Александрға ұқсас біреу екен деген ой келеді. Біраз қарап тұрған соң, өлді деген Александрдың өзі емес пе деп ойлайды. Аяғын өзі қалай ілгері ақырын аттағанын сезбей, оған таман жылжи береді. Ақырын оң қолын көтере созып, сөзсіз: «Сен өлді деген менің туысым Александр емес пе?» – деп іштей өзінен-өзі сұрайды.

Ол да енді Игорьге бір аттап: «Немене, тірідей көміп, мені ұмытқанбысың?» – деп іштей Игорьдан сұрайды. «Менің әйелім Ольганы әйелдікке алып, одан балаң да бар екен, көрдім, – дейді Игорь, – енді қайттым, сүйген әйелім Ольга қайсысымызда болады? Баламды бермеймін». Осындай ішкі монологтар екеуінің арасында – азғантай қас пен қабақ арасында ұшқыр ойлар арқылы айқасып, үлкен паузада сөзсіз айтылып жатыр. Осы жайды ұғып, ішке түйген көрушілер де енді қайтты бейбақтар деп бірі налыса, екіншісі – Александр жау, оған Ольганы берме дегенді іштей қорытып отырғандай.

Осылай үнсіз айтысып, ұғысқаннан соң, бірін-бірі анық танығаннан кейін барып, неше саққа жүгірген әртүрлі жиренішті ойларды сағынышты көріскен туысқан бауырластық махаббат жеңіп кетіп, жоғарыда айтылған ойлардың бәрін ұмыттырады.

Игорь: – Саша! – деген сағынышты сөзді айғайлап қалай айтқанын да байқамай қалады. Екеуі құшақтасып, сүйісіп амандасады. Екі туыс аман кездесіп, көріскендеріне соншалықты қуанысады, ендігі өміріміз не болар екен деген үлкен қайғы дем арасында екеуін де кернеп кетеді.

Осы ауыр кездесу сахнасынан кейін тағы бір көріністе енді Ольга мен Игорь оңаша отырып, өздерінің трагедиялық: «Енді қайттік?», «Енді қайттік?» – деген

іштей сөзсіз сұрақтарына бірі ашып жауап бере алмайды. Біріне-бірі тура қарап, тіл қата алмайды.

Ольга (Күләш) диванда, астыңғы үйде, қолында ақ орамалы бар, жылап отыр. Анда-санда көз жасын бір төгіп алып, орамалымен аузын жаба, мұрнын сүрте береді. «Енді қайттік?» деген сұрақтың шешімін таба алмайды. Жоғары бөлмеден шығып, астыңғы үйде отырған Ольганың үстінен қарап Игорь – мен тұрмын. Ол мені көрмейді.

Біраз тұрдым (бір қолымды шалбар қалтасына салғам). Ақырын аяндап, әрбір ауыр аттаған сайын бір кідіріс (пауза), қалың ойда баспалдақпен төмен түсіп мен келемін.

Не дерімді өзім де білмеймін. Жақындап Ольга қасына келгенде, ол менің бетіме басын жоғары көтере, әрі аянышты, әрі сонша сүйікті көздерімен маған қарады. Көзіме көзі түскенде ұзақ ұстап тұра алмады, «айыпты мен» дегендей, ибамен көзін төмен түсірді. Мен сәл тұрдым да, алдынан өтіп, диванның екінші жағына барып үнсіз қасына отырдым.

Диван үстіндегі кішкене жастық астында жатқан газетті мен оқымақ болып алдым да, қайдағы оқу, ешкімге қарамастан бес саусағымның бар саласымен уыстап алғанмын, ақырын жыпырып, ойым басқа да, бүріп уқалауға кірістім. Игорьдың сыртқы құбылыс-қимылынан Ольга оны ызалы ашу қысып отырғанын біліп отыр. Қарамайды маған. Екі сүйіскен, шын ұнатысып қосылған жақсы адамдар «енді қайттік?» деген сұрақты біріне-бірі ашып қоя алмай отыр.

«Сенің жастай қосылған алғашқы ерің келді, ажырасамыз ба?» – деп Игорь айта алмайды. «Енді сенің керегің жоқ. Жастай қосылған күйеуім келді, сонымен тұрам» – деп Ольга айта алмайды. Аға мен інінің арасында бір әйел қайсысымен болуын біле алмай, екі көзі булаудай Ольга – Күләш отыр.

Бұл үшеуінің бірі де кінәлі емес.

Бір кезде қасымда отырған Ольга «енді қайттік?» деп үнсіз сұраумен менің сол иығыма оң қолын жансыз әкеп салды. Мен ақырын сол жағыма бұрылып, Ольганың көзіне қарадым. Сонда Ольганың (Күләштің) екі көзі мөлтілдеген жасқа толы, иегі кемседеп, «енді қайттік?» дегендей телміре маған қарап:

– Қымбаттым... аяулым... өмірімде бар сүйгенім, шын сүйгенім сен ғана едің – дегенді айтты да, менің сол қарыма сылқ етіп, жылап құлай кетті. Былқ етпей бір нүктеге қадала қарап, өңім қашқан сазарып, іш толған қайғы араласқан зарымды сыртқа шығара алмай, шын жүректен сүйген аяулы жарыма не дерімді біле алмай мен отырмын. Тіл қатып сөз айту сонда ауыр, не деп айту, міне, қиындық қайда?

Менің сол қолымды кеудесіне баса солқылдап, өксіп жылап алдымда Ольга (Күләш) жатыр. Барлық жүйкем босап, жүрек ауырып, іштен тынып та, жылап та Игорь (мен) отырмын. Екеуінің арасындағы күйінішті сезімдер одан сайын күшейе түсіп, жүйкем мүлде босап, көңілім бұзылды, қатты күйзелдім. Күләштің сүйкімді нәзік қылығы тап осы жерде бұрынғысынан да күшейе түсті. Мені ол өзінің өмірдегі тәтті мінезімен елітіп, еркімді алып, өзін шындап сүюіме мәжбүр етті. Қабақ қаққандай мерзім ішінде менің бар еркімді, маған деген қарым-қатынасы арқылы билеп, мені елжіретіп ертіп әкетті. Оның айтқан сөз ырғағында, естілген үнінде әріден, тереңнен шыққан мұнды да мағыналы, жанға тиетін сарын жататын.

Режиссердің айтқаны бар, «Пәлен сөзден кейін, шынымен ажырасамыз ба деген күшті қайғыдан, бұдан әрі отыруға дәті шыдай алмай, Игорь енді қайтерін білмей тұрып кетеді», – деген. Солай талай ойнап жүрген едім. Бір күні шабыттана келіп, көтеріңкі, жарқын көңілде беріле ойнаған күні, бар пиғылмен жақсы көріп,

шын аяп отырып, тұрып кететін керекті мизансценаны ұмытып, диванда отыра беріппін. Күләш иығыма салған оң қолын жауырынымды сыпыра ақырын жылжытып артыма түсірді де, менің оң жақ қолтығымның астынан саусақтарын батырып, маған тұрып кетуің керек дегендей белгі берді. Өзі басын менің алдымнан алмай, сол тіземе түскен қолыма жағын жастана басын қойған, әрі бетіндегі бояуын бұзбайын, менің жеңімді былғамайын десе, екіншіден, өзінің жылаған бет-ажарын көрушілерге жеткізу үшін де осы көріністе отырған. Мен алғашқыда Күләш берген белгіні андай алмай, сөзімді айтып отыра бергем. Күләш жылаған күйінде орамалмен көзін сұртпек әрекетіне кірісіп, аузына тістеген орамалдың бір ұшымен бетін жаба жоғары жылжытып, басын ауыр көтере бере маған орамал астынан сыбыр етіп: «Тұр, орныңа бар», – деді. Менің есіме сонда түсті, кететін мизансценам. Сасқанымнан селк етіп ұшып тұрып, кешігіп қалдым-ау деген оймен шапшаң режиссердің күн ілгері тағайындаған орнына барып тұра қалдым. Спектакльге ешбір зақым келген жоқ. Менің жасаған салақтығымды, жастығымды Күләш екеуімізден басқа ешкім білген де, көрген де жоқ. Ал шығарманың көркемдік қасиетіне елеулі кемшілік етті. Ешкім байқамады, сөз қылған жоқ. Екеуінің шынымен ажырасамыз ба деген қауіпті трагедиясына көрушілер шомып отырды. Әңгіме бұл айтылғандарда емес, спектакльдің жүріп келе жатқан қарқынын, көңілді бір мазмұнды күйін, ақырын жылжыған қарқынын менің сасып қалып, шапшаң орныма барып тұруым бұзып, ойынның ішкі ырғағын үзіп кетті.

«Сүйген жарымнан айырыламын-ау, сот алдында, әлеуметтік сот алдында әңгімеге түсіп, әскери намысымды кір шала ма?» – деген көптеген жексұрын пікірлерде отырған адам қалайша ышқынып, санына біз сұққандай зытып кетеді? Жоғарыда айтылған ауыр халде, «енді қайттім?» деген сұрақтың жауабын дұрыс таба алмай, қалың қайғыда тұрып, тіпті қалай жүріп кеткенін өзі білмей ілбіп-баяу қозғалса, диванда отырғандағы қасірет-қайғыны үзбей, тұратын жерге іштей шұбата созып ала барса ғой, актер шеберлігінің бар нәрі де, спектакльдің де құндылығы арта түсер еді.

Бұл арада айтпағым – кемшілігімді мойындап, оның себебін ашып ақталуым да емес. Күләштің сахнадағы еркіндік шеберлігінде. К.С.Станиславский «Сахнада ешқашанда, ешбір уақытта өзінді, мендігінді... менінді» ұмытпа» дейді.

Біздер көбінесе: «Сахнада өзінді ұмытып кет, сол ойнап тұрған бай ма, батырақ па – сол болып кет», – деп біріміздің басымызды біріміз шатастырып келдік қой. Ол дұрыс емес. Ольга рөлінде Күләш Байсейітова қаншама ағыл-тегіл жылап, қасірет үстінде отырса да, өзінің «менін» ұмытпай, киген киім, жаққан грим, бастағы жалған сары шаштың астында өзінің қазақ қызы екендігін сыртқы тұспатын өзгертіп жіберсе де, іштей Күләш екендігін ұмытпай, айналасында не болып жатқанын бақылап, сырттан шолып отыр. Сөйтіп өзінің ғана емес, қасындағы партнерінің тағдырын ойлап, спектакльдің жүрісін бақылап отыру – ол асқан сахна шеберінің бойындағы ерекше қасиет болмақ.

Сен сахнада бар көңіліңмен шын беріліп, сол өзің атқарған кейіпкеріңнің психологиялық мінез-құлқына кіріп кеткен күнде де, сенің ой-санаңның арғы бір қатпарында, тереңде жатқан қалтарысында бақылауда отырған сана-сезімің болу керек. Театр сахнасында екенін, ондағы атқарып жүрген жұмысың, жүріс-тұрысың бәрі де өмірдегідей шын көрінгені жөн. Актерлік шеберлікті еш уақытта естен шығармай, «мен» дегенінді ұмытпай, меніңнен айырылмау – өте қажет нәрсе. Қай уақытта болса да әртістің «мені» оның қасындағы серігі болу керек. Сахнада актер өзінің “мен” дегенін жоғалтса, өнерінен айырылды де. Күләш сахнада өзі қожа,

ешбір қысылу жоқ. Сахнаға немен кіріп, не істеп отырғанын, енді не істемегін бақылап, кеткенде қайда, неге кеткенін айтып кететін еді. Соңғы кезде опера театрының сахнасынан Күләштің ойынын көріп отырып, оның соншалық музыкалық зеректігін мақтаныш ететін едік. Қандай қиын музыкалық шиеленіскен жерлерден арияны дирижердің қолына қарамастан, теріс қарап тұрып-ақ, қалай болса солай ешбір мүлтіксіз дәл алып, іркілместен жүре беретін. Осындай қасиет Құрманбек Жандарбековте де бар. Бұлардың бойларына ерекше біткен тамаша қасиеттерін айтып әрқашан да мақтан ететінбіз.

Күләштің сахнадағы бір өзгешелігі – қандай психологиялық монологтардың биікке шыққан кульминациялық шағында еш қысылмай көрермен алдында сол образда соншалық тереңдей жанып тұрып, теріс қарай бергенде ол саған өзі болып жәрдем етіп, қатеңді айтып қалып, образынан шықпайтын да, саспайтын да еді. Сахнада біздің Күләш суда жүзген балықтай болатын. Қазақша үлкейтіп айтқанда, Күләштің топқа түскенде арқаланып кететін «аруағы» заты басып кететін, күшті абыройы болатын. Сахнаға шыққанда гүл-гүл жайнап, құлпыра өзгеріп, жадырай шаттана түсетін еді.

...Бұрынғы режиссерлік міндетке дағдыланып қалған Серағаң өз рөлін біліп, өзінің актерлік міндетін ғана орындап қоймай, көркемөнерге үнемі қамқорлық жасап жүреді. Әсіресе театрда актерлер кадрларын өсіруде сіңірген қызметін айтпасқа болмайды.

Мен білетін талай жасты театрға тартып, оны тәрбиелеуде жүргізген жұмысы бір төбе. Қазақ халқының бұлбұлы атанған, ұлы әртіс Күләш Байсейітованы да оқушылар үйірмесінен: «Дауысы жақсы, түбінде ашыла келе әртіс болуы мүмкін», – деп, музыка бөлімінің меңгерушісі Яков Ковалевтің қолына тапсырғаны да мәлім. Еңлік рөлінде ойнап, Күләш алғаш актрисалық адымын бізден бастады.

Күләштің алғашқы ойнаған рөлдерінің бірі – Жұмат Шаниннің «Шахта» атты пьесасында бас героинясы Зейнеп рөлін дайындап жүргенде, Күләшке бір күні Серағаң кеңес беріп: «Рөлдің мына сөзін айтқанда көрушілер қол соғады, сонда пауза ұстап, кішкене кідіріс жаса. Әйтпесе жұрттың қол шапалақтауы сенің сөзіңді жауып кетіп, тыңдаушыға жетпей қалады», – деп ақыл айтады. Күләш сахнада Зейнептің монологын айтып, Серағаң көрсеткен әлгі сөзге келгенде, залды ду қол шапалақтау басып кетеді...

Қуанған Күләш: «...Сіз неткен әулие едіңіз, Сераға! Жұрттың менің ойыныма қол соғатынын қайдан білдіңіз? Берген кеңесіңізге мың да бір рақмет!» – деп, Серағаға үлкен ризалығын айтты.

Осы мақалаға байланысты күнделігімді қарап отырсам:

«Ең алғаш ертіп келді Серке ағаң,
Есігін көркемөнер ашты саған.
Артистка болады деп келешекте,
Қуанған талантыңа жарқыраған.

Алғашқы ойнағаның – зарлы Еңлік,
Махаббат құрбаны боп, іздеп теңдік.
Көрсетті драмада мұңды қызды,
Тамаша талантыңа біз де сендік, –

деген өлең де түсіп қалыпты. Бұлай деуімнің негізі – қазақ көркемөнер ордасы – біздің театр Күләштің өшпес даңқына канат болып, өнер шыңына жолдама берген еді.